

Г.С. Байкушикова^{1*}, А.Б. Кузембаева², Ә.Н. Тоқбазар³, К.Е. Турысбекова⁴

¹ PhD доктор, доцент міндетін атқарушы

² тарих ғылымдарының кандидаты

³ «Аймақтану» мамандығының магистранты

⁴ «Халықаралық қатынастар» мамандығының магистранты

^{1,2,3,4} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ӘЛЕМДІК ҚАРУ-ЖАРАҚ НАРЫҒЫ: БАСТЫ ОЙЫНШЫЛАР, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Аңдатпа

Мақалада әлемдік қару-жарақ нарығындағы қалыптасқан қазіргі жағдай талданады. Мақаланың авторлары халықаралық қару-жарақ пен әскери техника нарығындағы негізгі ойыншылардың рөлін қарастырады, әлемдік қару-жарақ нарығының негізгі тенденцияларын анықтап, осы нарықтың жағдайын сипаттайтын нақты статистикалық мәліметтерді талдайды.

Жүргізілген талдаудың нәтижесі маңызды динамикалық және құрылымдық өзгерістерге қарамастан әлемде қару-жараққа деген сұраныс та, негізгі қару-жарақ жеткізушілері арасындағы бәсекелестік те азаймай отыр деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әскери және саяси шиеленістің күшеюі әлемдік қару-жарақ саудасының өсу қарқынының жеделдеуіне алып келді. Сонымен қоса, әлемдік қару нарығындағы дамудың географиялық векторы өзгеру үстінде. Егер ХХ ғасырдың екінші жартысында Таяу Шығыс импорттаушы елдер ретінде белсенді әрекет еткен болса, ал ХХІ ғасырда әскери өнімдердің әлемдік сауда орталығы Азия мен Мұхит мемлекеттеріне ауысты, мұнда негізгі қару-жарақ импорттаушылары Үндістан, Пәкістан, Вьетнам, Сингапур, Оңтүстік Корея, Индонезия, Жапония және Аустралия болды. Ал қазіргі таңда қайтадан Таяу Шығыс елдерінен, ең алдымен Сауд Арабиясынан, Катардан, Кувейттен және Египеттен қаруға деген сұраныстың жаңа күрт өсуі байқалуда.

Түйін сөздер: әлемдік қару-жарақ нарығы, әскери күш, АҚШ, Ресей, Азия, Таяу Шығыс

Байкушикова Г.С.^{1*}, Кузембаева А.Б.², Тоқбазар Ә.Н.³, Турысбекова К.Е.⁴

¹ доктор PhD, исполняющий обязанности доцента

² кандидат исторических наук

³ магистрант специальности «Регионоведение»

⁴ магистрант специальности «Международные отношения»
^{1,2,3,4} Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби

г. Алматы, Казахстан

МИРОВОЙ РЫНОК ВООРУЖЕНИЙ: КЛЮЧЕВЫЕ ИГРОКИ, ОСОБЕННОСТИ, ТЕНДЕНЦИИ

Аннотация

В данной статье анализируется ситуация, сложившаяся на мировом рынке вооружений в настоящее время. Авторы статьи изучают роль основных игроков на международном рынке вооружений и военной техники, определяют основные тенденции развития мирового рынка вооружений, анализируют актуальные статистические данные, характеризующие состояние данного рынка.

Проведённый анализ позволяет сделать вывод, что несмотря на значительные динамические и структурные изменения спрос на оружие в мире не снижается, как и конкуренция между основными поставщиками вооружений. Усиление военно-политической напряженности привело к ускорению темпов роста объемов мировой торговли вооружениями. К тому же, в мировом рынке вооружений происходит смена географического вектора развития. Если во второй половине ХХ века в качестве стран-импортеров активно выступал Ближний Восток, то в ХХІ веке центр мировой торговли продукцией военного назначения сместился в Азию и Океанию, где главными импортерами вооружений являются Индия, Пакистан, Вьетнам, Сингапур, Южная Корея, Индонезия, Япония и Австралия. В самое последнее время

произошло новое резкое повышение спроса на вооружения со стороны ближневосточных государств, прежде всего, Саудовской Аравии, Катара, Кувейта и Египта.

Ключевые слова: мировой рынок вооружений, военная сила, США, Россия, Азия, Ближний Восток

Baikushikova G.^{1}, Kuzembayeva A.², Tokbazar A.³, Turysbekova K.⁴*

¹ *PhD, acting associate professor*

² *candidate of historical sciences*

³ *Master's student «Regional Studies»*

⁴ *Master's student «International Relations»*

^{1,2,3,4} *al-Farabi Kazakh National University,*

Almaty, Kazakhstan

GLOBAL ARMS MARKET: KEY PLAYERS, FEATURES, TRENDS

Abstract

This article analyzes the current situation in the global arms market. The authors of the article study the role of the main players in the international arms and military equipment market, determine the main trends in the development of the world arms market, analyze the current statistical data characterizing the state of this market.

The analysis allows us to conclude that, despite significant dynamic and structural changes, the demand for weapons in the world is not decreasing, as is the competition between the main suppliers of weapons. The intensification of military-political tensions led to an acceleration in the growth rates of the world arms trade. In addition, the geographic vector of development is changing in the global arms market. If in the second half of the twentieth century the Middle East actively acted as importing countries, then in the twenty-first century the center of world trade in military products shifted to Asia and Oceania, where the main importers of weapons are India, Pakistan, Vietnam, Singapore, South Korea, Indonesia, Japan and Australia. Most recently, there has been a new increase in demand for weapons from the Middle Eastern states, primarily Saudi Arabia, Qatar, Kuwait and Egypt.

Key words: world arms market, military power, USA, Russia, Asia, Middle East

Кіріспе. Қазіргі әлемдік жүйенің тұрақсыздығы жағдайында қару-жарақ, әскери технологиялар мен қызметтердің экспортымен байланысты құрылымдардың ықпалы ғылым мен тәжірибелік саясат үшін өте өзекті болып табылады. Біріншіден, бұл халықаралық қатынастар жүйесін дамытудағы әскери фактордың рөлінің артуына байланысты болып отыр. Бәсекелестіктің күшеюі және тіпті түрлі салалар мен аймақтардағы қарсыласудың күшеюі тұрғысында қару-жарақ пен әскери техника саудасы (ҚӘТ) әлемдегі стратегиялық жағдайдың айқын индикаторы болып табылады, өйткені ол елеулі экономикалық әсерге ғана ие емес, ең бастысы – экспорттаушы мемлекеттерге әртүрлі аймақтарда өз ықпалын сақтауға және/немесе күшейтуге және геосаяси ахуалға елеулі ықпал етуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, зерттеу тақырыбының өзектілігі ұлттық қауіпсіздікті қорғау құралдарының өсуімен, кейде тіпті шешуші рөлімен, сондай-ақ көптеген жылдар бойы оның қару-жарақ нарығында болуын анықтай алатын, яғни жаһандық күн тәртібін қалыптастыруда елеулі салмаққа ие болатын перспективалық технологиялық әзірлемелердің болуымен байланысты. Осыған орай, қазіргі жағдайда қару-жарақ пен арнайы техниканың саудасы жекелеген елдерде де, жалпы халықаралық аренада да саяси ықпалдың маңызды құралдарының бірі болып табылады.

Үшіншіден, аталған тақырыптың өзектілігі нақты бір елдің алдында тұрған саяси, экономикалық, әскери және зияткерлік әлеует пен міндеттердің өзара тәуелділігінің күшеюімен анықталады. «Күшті мемлекет» ұғымын нақтылап толықтыру жоғарыда аталған әлеуеттермен тікелей байланысты. Орталық барлау қызмет басқармасының бұрынғы қызметкері Р.Клайн 1977 жылы «Мемлекет күші» формуласын жасауға тырысты. Оның түсіндірмесіне сәйкес мемлекет күшінің формуласы: «мемлекеттің күші = (халық + аумақ + экономика + әскери күш) × (стратегия + саяси ерік)» құрайды [1]. Осылайша, «әскери күш» - күш элементінің анықтаушыларының бірі болып табылатындығын көруге болады.

Әдістеме. Жалпы, зерттеуде сапалық әдіс, атап айтқанда, мақалада зерттеу мәселесін талдауда тақырыптық тәсіл қолданылады. Зерттеудің дизайны әртүрлі жылдардағы осы саладағы жетекші мемлекеттердің әскери өнеркәсіпке қосқан үлесі шеңберінде өрбиді. Бұл зерттеуде салыстыру әдісі де қолданылады.

Саяси реализмнің өкілдері әрқашан ел экономикасының ажырамас бөлігі ретінде әскери өндірістің өнімі ғана емес, сонымен бірге оның сыртқы саясатының маңызды саласы болып табылатын «әскери күштің» сыртқы саясатындағы рөліне ерекше назар аударатын. Қазіргі жағдайда, экономика секторы ретінде әскери өндіріс нарық заңдарымен реттеледі, бірақ әскери өнімнің негізгі тұтынушысы ұлттық мемлекет болып қала береді. «Әскери өндіріс Халықаралық Қорғаныс өнімдерінің мөлшері мен талаптарымен ғана анықталып қоймай, ең алдымен мемлекеттік қорғаныс тапсырысына да байланысты. Осыған байланысты әскери өндіріс мемлекеттік қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз етуге және сыртқы саяси мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік реттеудің қатаң жүйесіне бағынышты». Басқаша айтқанда, әскери техниканы шет мемлекеттермен саудаласу үдерісінде жүзеге асырылатын «әскери күш» мемлекетке өзінің геосаяси және геостратегиялық мүдделерін қамтамасыз етуге көмектесіп, сыртқы саясаттың маңызды құралына айналуға. Өз кезегінде экономика өнімділігіне сүйенетін, ал өнімділік экономикалық өсуге тәуелді реалистердің ұлттық қауіпсіздіктің ұлттық күшке тәуелділігі туралы мәлімдемесі де маңызды (әскери күш – бұл оның бір бөлігі ғана) [2]. Ұзақ мерзімді болашақта елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жалпы әл-ауқатқа зиян келтіруге болмайды, өйткені қаржыны тек қорғанысқа салатын мемлекет «бүкіл экономиканың өнімділігін және оған қоса қауіпсіздікті қамтамасыз ету қабілетін жоғалтады» [3]. Сондықтан қауіпсіздік мәселелерінде (оның ішінде әскери өндірісте) дұрыс теңгерім сақталуы тиіс. Оған қол жеткізу – мемлекеттік саясаттың басым міндеттерінің бірі.

Әдебиеттік шолу

Әдетте, қару-жарақ саудасы мәселесін әскери мамандар мен экономистер зерттейді және бұл тақырып салыстырмалы түрде саяси ғылым үшін жаңа болып табылады. Бұл отандық саяси ғылымда осы мәселені талдауға арналған іргелі ғылыми жұмыстардың әлі де аз екенін түсіндіреді. Алайда, қазіргі уақытта әлемдік қару-жарақ нарығына арналған бірқатар зерттеулер бар.

Бұл мәселені шешуге Andrew J. Pierre [4], Pieter D. Wezeman, Aude Fleurant, Alexandra Kuimova, Nan Tian and Siemon T. Wezeman [5], García-Alonso M.D.C., Levine P., Smith R.P. [6] сияқты шетелдік ғалымдар айтарлықтай үлес қосты. Sanjian G.S., Wezeman, S.T., Wezeman, P.D. мақалаларында қару-жарақ тасымалдаушылары, әскери теңгерімдер, және мемлекетаралық қатынастар қарастырылады [7-8].


Орыс зерттеулерінің ішінде И.В.Кокушкиннің, Е.Ю. Шкодскийдің [9], әлемдік қару-жарақ нарығында С. Белоусованың [10], М.И. Чернованың [11] мақалаларын атап өтуге болады.

Бұл тақырып қазақстандық зерттеушілердің де назарында. Олардың ішінде А.Грозиннің, А.А. Идрисовтың еңбектерін атауға болады [12]. Андрей Грозиннің мақаласы қазақстандық қару-жарақ бизнесі және Қазақстан Республикасының әлемдік қару-жарақ нарығындағы орнына арналған [13].

Нәтежелерді талдау. Әлемдік қару-жарақ саудасының географиялық құрылымы. Әлемде қару-жараққа деген сұраныс төмендемеген, сондықтан қару-жарақ жеткізушілері арасындағы бәсекелестік те сақталуда.


Қару-жарақ пен техниканың халықаралық нарығындағы жағдай өзгерді, бірақ қару – жарақ өндіретін елдердің алғашқы ондығы өзгеріссіз қалды.

1-кестеде 10 ірі экспорттаушы мемлекеттердің негізгі қару-жарақ түрлерін экспорттаудағы әлемдік үлесін көруге болады [14].



Қару-жарақтың ірі экспорттаушылары АҚШ, Ресей, Франция, Германия және Қытай болып қала береді. Әскери өнімдердің бес ірі экспорттаушысы – АҚШ, Ресей, Франция, Германия және Қытай – 2015-2019 жылдары әлемдік қару-жарақ экспортының 76%-ын қамтамасыз етті.

2-кестеде қару-жарақтың ірі импорттаушыларын көруге болады [14].



2015-2019 жылдар аралығында АҚШ қару-жарақ бойынша ең ірі экспорттаушы ел атанды. АҚШ-тың қару-жарақ экспорты 2010-2014 жылдар аралығында 23%-ға өсті. Ал 2015–2019 жылдары жалпы әлемдік қару-жарақ экспортындағы АҚШ-тың үлесі 31%-дан 36%-ға дейін жоғарылады.

Қару-жарақ экспортының жалпы көлемі бойынша АҚШ және Ресей (екінші ірі экспорттаушы ел) арасындағы алшақтық тез өсті: 2010-2014 жылдары АҚШ-тың негізгі қару-жарақ экспорты Ресейге қарағанда 17%-ға жоғары болса, ал 2015-2019 жылдары 76%-ға жоғары болды.

2015-2019 жылдары АҚШ-тың жалпы қару-жарақ экспортының 51-пайызы Таяу Шығысқа тиесілі болды. АҚШ-тың аймақтық қару-жарақ экспорты 2010-2014 жылдар және 2015-2019 жылдар аралығында 79%-ға өсті. Сауд Арабиясы 2015–2019 жылдары АҚШ қару-жарағының ең ірі экспорттаушысы болды. 2010–2014 жылдары АҚШ қару-жарақ экспортының 7,4%-ы Сауд Арабиясына тиесілі болса, 2015–2019 жылдары бұл көрсеткіш 25%-ды құрады.

Ресейлік қару-жарақ экспорты 2015-2019 жылдары жалпы қару-жарақ экспортының 21% құрады, бірақ 2010-2014 жылдармен салыстырғанда 18%-ға төмен. Үндістан 2015–2019 жылдары ресейлік қару-жарақтың негізгі экспортері болғанымен (жалпы көлемнің 25%-ы), Үндістанға Ресей қару-жарақ экспорты 2010–2014 және 2015–2019 жылдар аралығында 47%-ға төмендеді.

Ресейлік қарудың негізгі сатып алушылары - Үндістан, Қытай және Алжир (жалпы экспорт көлемінің 55%-ы).

2015-2019 жылдары Еуропалық Одаққа мүше елдердің қару-жарақ экспорты дүниежүзілік қару-жарақ экспортының жалпы көлемнің 26%-ын құрады, ал бұл 2010-2014 жылдармен салыстырғанда 9,0%-ға жоғары көрсеткіш болып табылады. Батыс Еуропаның бес ең ірі қару-жарақ экспорттаушылары - Франция, Германия, Ұлыбритания, Испания және Италия 2010-2014 жылдары әлемдік қару-жарақ экспортының 20%-ын құраса, ал 2015-2019 жылдарда 23%-ды құрады.

2015 және 2019 жылдар аралығында қару-жарақ экспорттаушы елдердің ондығына Еуропа мен Солтүстік Америкадан тыс үш мемлекет кірді: Қытай, Израиль және Оңтүстік Корея.

2015-2019 жылдары Қытай әлемдегі қару-жарақ экспорты бойынша бесінші орынды иеленді және оның үлесіне жалпы қару-жарақ экспортының 5,5%-ы тиесілі болды. 2005-2009 және 2010-2014 жылдар аралығында 133-пайызға өскеннен кейін Қытайдың қару-жарақ экспорты 2010-2014 және 2015-2019 жылдар аралығында тек 6,3 пайызға өсті. 2015-2019 жылдары Қытайдың қару-жарақ экспортының 74%-ын Азия мен Океания, 16%-ын Африка және 6,7%-ын Таяу Шығыс құрады. Қытайдан қару-жарақ сатып алатын елдер саны 2010-2014 жылдарда 40 болса, 2015-2019 жылдары 53-ке өсті. 1991 жылдан бергі барлық бес жылдық кезеңдерде, әсіресе 2015-2019 жылдары Пәкістан Қытай қару-жарағының негізгі алушысы болды (35%).

SIPRI деректері бойынша 2015-2019 жылдары негізгі қаруды сатып алатын мемлекеттердің саны 160 екендігі анықталды. Қару-жарақты импорттайтын бес ірі ел - Сауд Арабиясы, Үндістан, Египет, Аустралия және Қытай 2015-2019 жылдары жалпы қару-жарақ импортының 36%-ын құрады. Олардың

ішінде Сауд Арабиясы, Үндістан және Қытай 2010–2014 және 2015–2019 жылдардағы ең ірі импорттаушылардың бестігіне кірді. Аймақтық тұрғыдан алғанда 2015–2019 жылдары Азия мен Океанияның қару-жарақ импорты 41%, Таяу Шығыс 35%, Еуропа 11%, Африка 7,2% және Америка 5,7% құрады.

Әлемдік қару-жарақ нарығының қазіргі заманғы тенденциялары

Көптеген елдер қару экспортын өздерінің негізгі сыртқы саясаты мен қауіпсіздігі құралы ретінде қарастырады. Қазіргі әлемде, алдыңғы уақыттардағыдай, сыртқы саясатта қауіпсіздік (өзін-өзі сақтау), коммерциялық пайда (экономикалық жетістік) және бедел арқылы көрінетін сыртқы әсердің елдің әскери күшіне тәуелділігі қағидаты жұмыс істейді: әскери-өнеркәсіптік кешеннің әскери қуаты «мемлекет өзінің геосаяси және геостратегиялық мүдделерін қамтамасыз етуге көмектесетін» сыртқы саяси құрал болып табылады.

Әлемдік қару-жарақ нарығы геосаяси шындыққа және қайта құруларға, әлемдік саясаттың негізгі ойыншыларының мүдделеріне тікелей тәуелді. Қару-жарақ пен әскери техника экспорты өсімі мен сыртқы саяси ықпалдың күшеюі арасында тікелей байланыс бар деп айтуға болады. Керісінше, елдің қару-жарақ саудасында қаншалықты аз өкілі болса, оның сыртқы саяси қуаты әлсірейді. АҚШ пен Қытайдың әскери-өнеркәсіптік кешенді дамыту тәжірибесі алғашқы тұжырымның керемет дәлелі. Ресей Федерациясының 1990 жылдардағы тәжірибесі екіншісін растайды.

Әлемдегі саяси және экономикалық жағдайды талдау негізінде, постиндустриалды елдердің төртінші технологиялық тәртіпке қол жеткізуі және қару-жарақ пен әскери техниканы өндіруге деген көзқарастың өзгеру тенденциясы негізінде негізгі сипаттамалар мен тенденцияларды әлемдік қару-жарақ нарығының дамуында анықтауға болады.

Біріншіден, қазіргі кезде әлемдегі тек алты мемлекет – АҚШ, Ресей, Франция, Германия, Ұлыбритания және Қытай - ұлттық қарулы күштердің заманауи қару-жараққа деген қажеттіліктерін қанағаттандыра алады.

Екіншіден, бай елдердің нарықтары қаржылық жағынан тартымды. Бұл, ең алдымен, НАТО-ның жетекші мүшелері, араб елдері - мұнай экспорттаушылар, Оңтүстік-Шығыс Азия, Латын Америкасы мен Африканың бірқатар елдері.

Үшінші және өте маңызды ұстаным – бұл неореалистер ерекше назар аударатын геосаяси мәселелерді шешуде әскери күшті пайдалану. АҚШ пен оның НАТО одақтастарының Югославия, Ирак, Ливия және Сирияда қарулы күштерді қолдану тәжірибесі суб-стратегиялық немесе жедел-тактикалық қару-жарақ жүйелерінің көбеюіне елеулі алғышарттар жасады. Қару-жарақ пен әскери техниканың бұл түрлері теңіз және әуе арқылы ұшырылатын қанатты зымырандардан және олардың ұшу ауқымынан асатын қашықтықтан қорғанысты қамтамасыз етуі керек.

Төртіншіден, жаһандану дәуіріндегі жоғары технологиялық және компьютерленген әлем қару-жарақ пен қорғаныс құралдарына деген өз талаптарын белгілейді. Қазірдің өзінде әлемдік нарықта ақпаратты қабылдауды, беруді және өңдеуді қамтамасыз ететін барлық бақылау, барлау және байланыс құралдарына сұраныстың артуы байқалады. Бұған электронды және оптикалық барлау спутниктері, пилотсыз ұшу аппараттары, барлау ұшақтары және электронды соғыс жатады. Нәтижесінде әскери-техникалық ынтымақтастықтың қазіргі кезеңі жаңа – төртінші және бесінші – технологиялық деңгейлерге көшуде. Қару-жарақ саудасының халықаралық аренадағы тиімді және ұзақ мерзімді саяси ықпал ету құралына айналуы елеулі инновациялық жетістіктерсіз мүмкін емес.

Әлемдік қару-жарақ нарығының дамуындағы алтыншы іргелі тенденция – бұл қару-жарақ жеткізушісін таңдау процесінде саяси фактор рөлінің күшеюі. Әскери-саяси салмағы жоғары, сапалы әскери техникамен ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздіктің ресми және бейресми кепілдіктерімен қамтамасыз ете алатын экспортшылар артықшылықтарға ие болады. Көбіне елдер белгілі бір елмен немесе әскери-саяси блокпен әскери-техникалық ынтымақтастық орнатқаннан кейін ғана саяси және экономикалық артықшылықтарға ие болады. Бұл тұрғыда ең көрнекі мысал – социалистік блоктың бұрынғы елдеріне Еуропалық Одаққа кіруді қамтамасыз еткен НАТО-ның «әскери қолшатыры» [16].

Тағы бір тенденция – бұл қару-жарақ нарығының жалпы криминалдану тенденциясы, «қара» және «сұр» секторлардың кеңеюі. Әлемнің бірқатар аймақтарындағы (Африка, Таяу Шығыс, Азия, Латын Америкасы) және тіпті Еуропа елдеріндегі (Болгария, ішінара танылған Косово Республикасы, Украина) қару-жарақ саудасындағы мемлекеттің орны барған сайын қылмыскерлердің қолында. жекелеген мемлекеттік секторлармен (армия, арнайы қызметтер, әскери өндіріс) сыбайлас жемқорлық схемаларымен байланысты құрылымдар. Сириядағы соғыс қару-жарақ нарығында қара және сұр схемалардың дамуына қуатты серпін берді.

Қорытынды. Әлемдік қару-жарақ нарығының негізгі сипаттамалары мен даму тенденцияларын талдаудың аралық нәтижесін қорытындылай келе, әлемдік саясаттағы жанжалды шиеленістің өсуі қару-жарақ пен әскери заңсыз сауда факторын күшейтетінін және осы нарыққа мемлекеттік емес субъектілерді әкелетінін тағы бір рет атап өткен жөн, бұл өз кезегінде шетелдермен әскери-техникалық ынтымақтас-тықтың дәстүрлі арналарын өзгертеді.

Жүргізілген талдау әлемдік қару-жарақ нарығының кем дегенде екі өлшемі бар екенін растауға мүмкіндік береді. Біріншісі – географиялық, ол объективті факторлармен де құрылады (мысалы, географиялық жақындығы 2), сондай-ақ олардың болу географиясын кеңейту мақсатында кеңістіктік кеңеюді іздейтін нақты субъектілердің мүдделері (олардың бизнес-жобалары, қаржы жүйесі, құндылық қатынастар және т.б.). Бұл өлшемге аймақтық негізде (Азия, Америка, Африка, Таяу Шығыс, Еуропа) және әскери-саяси және саяси-экономикалық негізде – НАТО, ҰҚШҰ, АСЕАН, ЕС, ШЫҰ, БРИКС бойынша белгілі бір елдер және/немесе елдер топтары кіреді. Екінші өзгеріс – конъюнктуралық және технологиялық. Бұл жағдайда сұранысқа ие қару-жарақ пен әскери техниканы анықтау туралы айтылып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Cline R. S. *World Power Assessment*. - Boulder, CO: Westview Press, 1977.
2. Kirshner J. *The Political Economy of Realism // Unipolar Politics: Realism and State Strategies After the Cold War* / E. Kapstein and M. Mastanduno eds. - Columbia University Press, 1999. – P. 71.
3. Мечи и орала: экономическая национальная безопасность Беларуси и Украины / Под ред. Р. Легвольда и С.А. Уолландера. – Кембридж, Лондон: МТИ-пресс, 2003. – С.157. URL: <http://www.ino-center.ru/doc/Sword%20Sustenance.pdf>
4. *Arms Sales: The New Diplomacy // Foreign Affairs*. - Winter 1981/2
5. *Trends in international arms transfers, 2018 // Stockholm International Peace Research Institute (2019)*
6. García-Alonso M.D.C., Levine P. *Arms trade and arms races: a strategic analysis // Handbook of Defense Economics, 2007. - Volume 2.- P. 942-971.*
7. Sanjian G.S. *Arms transfers, military balances, and interstate relations. Modeling power balance versus power transition linkages // Journal of Conflict Resolution*. - 2003. - No. 47. - P.711–727.
8. Wezeman, S.T., Wezeman, P.D. *SIPRI Trends in international arms transfers, 2013, Fact Sheet, March 2014* - www.books.sipri.org/files/FS/SIPRIFS1403.pdf
9. Кокушкина И.В., Шкодских Е.Ю. Рынок вооружений и военной техники: сущность, структура, тенденции развития. // *Вестник СПбГУ. Серия 5. - №4(29)*. - 2003.
10. Белоусов С. *Мировой рынок оружия // Мировая экономика и международные отношения*, - 2010. - № 7.- С. 91-101.
11. Чернов, М.И. *Военно-экономический потенциал государства и роль оборонно-промышленного комплекса в его обеспечении / М.И. Чернов // Вестн. Воен. Ун-та. -2008. С. 90; 6, С. 65-67*
12. Идрисов А. А. *Қару-жарақ пен әскери техника нарығының жағдайы, тенденциялары және негізгі бағыттары // <http://www.kisi.kz/ru/categories/geopolitika-i-mezhdunarodnye-otnosheniya/posts/sostoyaniye-tendencii-i-osnovnye-napravleniya-razvitiya>*
13. Грозин А. *Қазақстан және әлемдік қару-жарақ нарығы: проблемалар мен перспективалар // https://www.neweurasia.info/archive/2000/analitica/07_30_analitica.htm*
14. *SIPRI Arms Transfers Database. Mar.2020*
15. Pieter D. Wezeman, Aude Fleurant, Alexandra Kuimova, Diego Lopes da Silva, Nan Tian and Siemon T. Wezeman *SIPRI Trends in International Arms Transfers, 2019.*
16. *Современные международные отношения / Под ред. А.В. Торкунова, А.В. Мальгина. – М.: Аспект Пресс, 2012. – С. 185-186.*

References

1. Cline R. S. *World Power Assessment*. - Boulder, CO: Westview Press, 1977.
2. Kirshner J. *The Political Economy of Realism // Unipolar Politics: Realism and State Strategies After the Cold War* / E. Kapstein and M. Mastanduno eds. - Columbia University Press, 1999. - P. 71.
3. *Mechi i orala: ekonomicheskaya nacional'naya bezopasnost' Belarusi i Ukrainy / Pod red. R. Legvolda i S.A. Uollandera. – Kembridzh, London: MTI-press, 2003. – С.157. URL: <http://www.ino-center.ru/doc/Sword%20Sustenance.pdf>*
4. *Arms Sales: The New Diplomacy // Foreign Affairs*. - Winter 1981/2
5. *Trends in international arms transfers, 2018 // Stockholm International Peace Research Institute (2019)*

6. García-Alonso M.D.C., Levine P. *Arms trade and arms races: a strategic analysis* // *Handbook of Defense Economics*, 2007. - Volume 2.- P. 942-971.
7. Sanjian G.S. *Arms transfers, military balances, and interstate relations. Modeling power balance versus power transition linkages* // *Journal of Conflict Resolution*. - 2003. - No. 47. - P.711–727.
8. Wezeman, S.T., Wezeman, P.D. *SIPRI Trends in international arms transfers, 2013, Fact Sheet, March 2014* - www.books.sipri.org/files/FS/SIPRIFS1403.pdf
9. Kokushkina I.V., SHkodskih E.YU. *Rynok vooruzhenij i voennoj tekhniki: sushchnost', struktura, tendencii razvitiya*. // *Vestnik SPbGU. Seriya 5*. - №4(29). - 2003.
10. Belousov S. *Mirovoj rynek oruzhiya* // *Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnye otnosheniya*, - 2010. - № 7.- S. 91-101.
11. CHernov, M.I. *Voенно-ekonomicheskij potencial gosudarstva i rol' oboronno-promyshlennogo kompleksa v ego obespechenii* / M.I. CHernov // *Vestn. Voен. Un-ta*. -2008. S. 90; 6, S. 65-67
12. Idrisov A. A. *Қару-зһарақ пен әскери tekhnika naryзыnyң zһazdajy, tendenciyalary zһәne negizgi bazyttary* // <http://www.kisi.kz/ru/categories/geopolitika-i-mezhdunarodnye-otnosheniya/posts/sostoyanie-tendencii-i-osnovnye-napravleniya-razvitiya->
13. Grozin A. *Қазақстан zһәne әлемdik қару-зһарақ naryзы: problemalar men perspektivalar* // https://www.neweurasia.info/archive/2000/analitica/07_30_analitica.htm
14. *SIPRI Arms Transfers Database. Mar.2020*
15. Pieter D. Wezeman, Aude Fleurant, Alexandra Kuimova, Diego Lopes da Silva, Nan Tian and Siemon T. Wezeman *SIPRI Trends in International Arms Transfers, 2019*.
16. *Sovremennye mezhdunarodnye otnosheniya* / Pod red. A.V. Torkunova, A.V. Mal'gina.– M.: Aspekt Press, 2012. – S. 185-186.